

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР
МИНИСТРЛІГІ**



**МИНИСТЕРСТВО
ВНУТРЕННИХ ДЕЛ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

010000, Астана қаласы,
Тәуелсіздік даңғылы, 1
тел.: 8 (7172) 72 22 31
электрондық мекенжай: kense@mvd.gov.kz

010000, город Астана
проспект Тәуелсіздік, 1
тел.: 8 (7172) 72 22 31
электронный адрес: kense@mvd.gov.kz

20 ____ ж. _____ № _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары
Ж. Амантайұлына
Ә. Мүтәліге**

*2026 жылғы 4 наурыздағы № ДС-61
депутаттық сауалға*

Құрметті Жарқынбек Амантайұлы, Әбутәліп Мүтәліұлы!

Министрлік Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдік қарулы қақтығыстарға қатысқаны үшін қылмыстық жауапкершілігін жеңілдету, сондай-ақ олардың елге оралғаннан кейін құқықтық, психологиялық және әлеуметтік оңалтуына бағытталған кешенді мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу жөніндегі ұсыныстарыңызды зерделеді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес Қылмыстық кодекстің 170–172-баптары бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құзыретіне жатады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша (2025 жылғы 15 ақпандағы № 25-806) мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстердің жаңа редакцияларын әзірлеуде.

Аталған жұмыс шеңберінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп, көрсетілген адамдарды әлеуметтік оңалту бойынша кешенді мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу мәселесі қарастырылуы мүмкін.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 907 қаулысымен бекітілген Үкіметтің заң шығару жұмысы қағидаларының 4 және 9-тармақтарына сәйкес орталық мемлекеттік органдардың мұндай сипаттағы заңнамалық бастамалары реттеушілік саясаттың консультативтік құжатын әзірлеуді және Үкіметтің келісілген ұстанымын қалыптастыруды талап етеді.

Өз кезегінде Ішкі істер министрлігі уәкілетті органдар әзірлеген тиісті түзетулерді Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе Парламент депутаттарының заңнамалық бастамасы тәртібінде қарауға қатысуға дайын екенін білдіреді.

Құрметпен,

**Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі**

Е. Саденов

*Орын. Ұ. Сәтбаев
72 21 49
u.satbaev@mvd.gov.kz*